БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

ТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

15 октябрь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

Біздің партиямыздың күші — өзі басшылыққа ал отырған алдыңғы қатарлы теорияда — марксизм-ленини теориясында; біздің партиямыздың күші — оның халықп біте қайнасқан тығыз байланыстылығында, тарихи мінд терді орындауға бұқараны аттандыра білетіндігінде; бізд партиямыздың күші — оның құрыштай берік бірлігінде.

*Н. А. БУЛГАНИН.*

# Коммунист (большевиктер) партиясының XIX съезі

## СЪЕЗД КҮНДЕЛІГІ

### таңертеңгі мәжліс

ен арыздарға көңіл қойып аңызы бар екенін айтты. р мен арыздарды қарау- практикасы туралы фак- сым жасалуы туралы мы- Кемшіліктерді ашуға кө- арды мейлінше қорғау бірге жалақорларды әш- казалау қажет.

ыз, деді қорытындысын- лдас, қай уақыттағыдан оптасқан, бірауызды жә- оммунистік қоғам орна- жолымен сеніммен алға

ау үшін Франция комму- Орталық Комитетінің рис Торез жолдасқа сөз. р француз халқының қолшапалақтап қарсы

XIX съезге, совет халқы- е Франция коммунистік алық Комитеті атынан ерлік сәлем тапсырды. коммунарлардың ұлдары жеңімпаздықпен комму-

лігін, күші мен қуатын онан әрі нығай- туды көздейтіндігіне аса қанағаттанған- дық білдірді. Партияның атын айқындау, оның басты-басты міндеттерін белгілеу туралы ұсынысты коммунистер бірауыз- дан қостап, өздерінің бұл міндеттерді орындау жолында жанқиярлықпен күре- суге берік бел байлағандықтарын білдір- ді.

Делегаттар қолшапалақтап қарсы ал- ған **Поскребышев** жолдас қазіргі дәуірдің басты міндетін — коммунизм орнату мін- детін белгілеген партияның XIX съезінің тарихи маңызын атап көрсетті. Коммуни- зм орнату — миллиондаған адамдардың творчествосы. Ол — еңбекшілердің сар- қылмайтын инициативасы мен жаңашыл- дығы, адамдардың күшті ұйымшылдығы мен тәртіптілігі, шын мәнісінде барлық істі қамтыйтын еңбектегі ерлік, қала мен деревня еңбекшілерінің ерекше өскен жоғары дәрежелі мәдениеттілігі. Еңбекке жарайтын барлық совет азаматтары не- ғұрлым жақсы және ұйымшылдықпен еңбек етсе, коммунизм солғұрлым тез ор- натылады. Еңбекке коммунистік тұрғы- дан қараудың үлгілерін, әрине, жаңа Ус-

### 10 октябрьдегі кешкі мәжліс

Кешкі мәжлісте Хрущев жолдастың «БК(б)П Уставына өзгерістер енгізу» ту- ралы баяндамасын талқылаудың жалғасы болды.

Председательдік етуші **Куусинен** жол- дас **Борисов** жолдасқа (Якут АССР) сөз берді.

Коммунистік партияның XIX съезі, де- ді Борисов жолдас, Ұлы Отанымыздың өміріндегі ерекше зор оқыйға. Съездегі есепті баяндамаларда, сол сыяқты партия мен үкмет басшыларының сөздерінде елі- мізде коммунизм орнатудың орасан зор программасы көрсетілді.

Партияның Орталық Комитетінің есепті баяндамасы, бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасы және Коммунистік партияның өзгертілген Ус- тавының жобасы Сталин жолдастың 1946 жылғы 9 февральда сайлаушылар алдын- да сөйлеген тарихи сөзінде, сол сыяқты «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбе- гінде алға қойылған ұлы міндеттерді не- гізге алады.

дығына сенім беруді тапсырғанын білдірді.

**Алимов** жолдас (Өзбек ССР) XIX съез- дің талқылауына тапсырылған партияның өзгертілген Уставының жобасы партияның XVIII съезінен кейінгі уақытта елімізде болған өзгерістерді бейнелейтінін айтты.

Партияның XIX съезіне арналған мате- риалдарды талқылау — партияның мүше- лері мен кандидаттарының саяси белсен- ділігін арттыруда бұған дейін болып көр- меген күшті өрлеу туғызды. Өзбекстанда өзгертілген Уставтың жобасы барлық бас- тауыш партия ұйымдарының жыйналыс- тарында талқыланды, бұл жыйналыстар- ға 120 мыңнан астам коммунист қатыс- ты, 36 мыңнан астам адам сөз сөйледі.

Өзбекстан коммунистері өзгертілген Уставтың жобасын мұқыят зерттеп, бұл документті бірауыздан мақұлдады, ортақ бір мақсатты — партияның беделін онан сайын арттырып, оның күші мен қуатын нығайтуды, коммунистік құрылыстың міндеттерін орындау жолында оның жа- уынгерлігін күшейтуді көздейтін ұсыныс- тар енгізді. Алимов жолдас Уставтың те-

Совет еліне қарсы арсыздық нас жүргізу жолымен өздерінің жанталаса руланұын ақтауға тырысатын Норве ның билеп-төстеуші топтарының саяс халықтың бұл алғыс сезіміне қарама-қ сы келеді.

Совет Одағының дәйекті бейбітш саясаты және Совет Одағында социал тік құрылыстың пәрменмен алға бас дейді Эмиль Левлиен жолдас, барлық дерде соғысқа қарсы, бейбітшілік үш бейбітшілік және демократия лаге нығайту жолындағы күресте бейбітшіл ті жақтаушыларды жігерлендіріп оты ды.

Индонезия Коммунистік партиясы ө лінің мінбеге шығуын делегаттар жы жүзбен қарсы алды. Ол съезді Индонез ның Коммунистік партиясы, жұмысш табы және қалың бұқарасы атынан құ тықтады.

Жергілікті қанаушы-феодалдардың жә не шетелдік империалистердің езушілігі дегі Индонезия халқының ауыр хал

коммунистерге, партия мен мемлекеттің кадрларына ленинизм рухында, партиялық ішкі демократияны, сын мен өзара сынды онан сайын өрістету рухында идеялық тәрбие беруді күшейтудің маңызды құралы болады. Устав партияның ұйымдастырушылық жұмысын жаңа, бұрынғыдан да жоғары сатыға көтереді.

Хрущев жолдас өзінің баяндамасын мынадай сөздермен аяқтады:

—Совет халқын жаңа жеңістерге, коммунизмнің салтанат құруына сеніммен бастап келе жатқан қуатты Коммунистік партия жасасын! Партия мен халықтың дана көсемі, барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы Сталин жолдас жасасын!

Съезд бұл сөздерді ұзақ, ду қолшапалақтап қарсы алды. Жұрттың бәрі орындарынан тұрды.

Хрущев жолдастың «БК(б)П Уставына өзгерістер енгізу» туралы баяндамасы бойынша ең алдымен **М. Ф. Шкирятов** (Москва) сөз сөйледі. Коммунистік партия Лениннің туы астында Сталин жолдастың басшылығымен, деді Шкирятов жолдас, күрестің және жеңістердің тамаша жолынан өтті, қол жеткен табыстар негізінде өз жұмысының басты міндеті —коммунистік қоғам орнату міндетін алға қойды.

Социализмнен коммунизмге өту партия мүшелеріне зор талаптар қояды. Партия Уставының Сталин жолдас жасаған жобасында бұл талаптар көрсетілді. Өзгертілген Устав партияның барлық мүшелеріне партия ісіне, оның қарарларының жүзеге асырылуына жауаптылығын күшейтуді талап етеді. Өзгертілген Устав Коммунистік партияның мүшесі атағын және оның маңызын мұнан да жоғары көтереді. Уставта коммунистің зор міндеттері көрсетілді және партия қатарында кімдердің бола алатыны айқын белгіленді.

Партиялық бақылауды мейлінше күшейту, қабылданған қарарлардың орындалуын тексеру, сын мен өзара сынды өрістету, партия мен мемлекет тәртібін нығайту —барлық партия ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Шкирятов жолдас партия ұйымдарына ді. XVIII съезден бергі уақыттың ішінде партия құрылысы саласы көп тәжрибелермен молықты. Хрущев жолдас өзінің баяндамасында бұл тәжрибені Уставта көрсету керек екенін толық дәлелдеді. Жаңа саяси міндеттерге сәйкес Уставқа енгізілетін өзгерістер партияның ұйымдастырушылық қаруын үздіксіз өткірлей беруді, оның жауынгерлігін арттыра беруді көздейді.

Өзгертілген Уставтың жобасын бірауыздан мақұлдай отырып, Москва коммунистері Уставтың сын мен өзара сынды күшейту жөніндегі талабына ерекше көңіл бөлді. Фурцева жолдас Москва ұйымында кейбір жерлерде сын мен өзара сын әлі де жұмыстағы қателер мен кемшіліктерді ашып, жоюға көмектесетін негізгі әдіс ретінде пайдаланылмайтынын айтты. Сын мен өзара сын төмен дәрежеде болып отырған ұйымдарда ірі-ірі кемшіліктер мен олқылықтар болып келеді.

Фурцева жолдас жаңа Уставтың жобасы коммунистердің идеялық-саяси тәрбиесіне көрсетіп отырған сталиндік қамқорлықты бейнелейтінін айтты. Уставта партияның мүшелері мен кандидаттарының саяси оқуын онан әрі жақсарту жөнінде партия ұйымдарының міндеттері айқын белгіленді. Москваның қалалық партия ұйымы марксизм-ленинизм насихатын күшейту, кадрлардың идеялық теориялық білім дәрежесін арттыру шараларын қолдануда.

Біз қатысып отырған Ленин —Сталин партиясының XIX съезі, деді **Зимянин** жолдас (Белорусс ССР), БК(б)П Орталық Комитетінің саяси бағыты мен практикалық жұмысын бірауыздан мақұлдады. Съезд совет халқының коммунизм үшін күресте коммунистік партияның дұрыс саясаты, оның бұл саясатты жүргізудегі ұйымдастырушылық жұмысы арқасында қол жеткен бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерінің ұлылығын көрсетті.

Уставқа енгізілетін өзгерістер ұйымдастыру-партиялық құрылысқа партияның зор маңыз беретінін дәлелдейді. Белоруссия партия ұйымының барлық мүшелері. дейді шешен, өзгертілген Уставтың жобасын бірауыздан мақұлдап, бұл аса маңызды партиялық документ партияның бір-

ұрыстар өрті ішінде дүние жүзін фашистік құлдықтан құтқарып, барлық елдерде демократияны кеңінен және тез өркендетуге жағдай туғызған батыр халықты құттықтаймын.

Жолдастар, деді онан әрі шешен, маған өзімнің қысқаша құттықтауымдағы ең шын берілгендік сөздерімді, шын жүректен шыққан және ерекше зор құрмет, сүйіспеншілік сезімді білдіретін сөздерімді біздің ұлы көсеміміз және ұстазымыз, совет халқының және бүкіл дүние жүзіндегі прогресшіл күштердің барлық ұлы жеңістерінің ұйымдастырушысы және дем берушісі біздің сүйікті Сталин жолдасқа арнауға рұқсат етіңіздер.

Долорес Ибаррури жолдас барлық елдердің коммунистік партияларын идеология және теория жағынан қалыптастыру ісіне Ленин —Сталин партиясының қосқан үлесінің орасан зор маңызын атап көрсетті. Ол БК(б)П XIX тарихи съезінің қарарлары Испания халық бұқарасының бейбітшілік, бостандық және демократия жолындағы күресіне жақсы жағдай туғызатынын айтты.

Съезді Кубаның Халықтық-социалистік (коммунистік) партиясы Ұлттық комитетінің бас секретары **Блас Рока** жолдас құттықтады. Делегаттар оны жылы жүзбен қарсы алды.

Ол Совет Одағында шаруашылықтың шапшаң өсуі мен өз елімде және басқа капиталистік елдерде өндірістің құлдырап төмендеуі арасында қандай орасан зор айырмашылық бар екенін Куба халқы көріп отырғанын айтты.

Кубаның халықтық-социалистік партиясы партияның XIX тарихи съезінің қарарларын қажырлылықпен үйренеді. Большевиктік партияның тәжрибесі, Лениннің —Сталиннің ілімі, деді ол, біздің ұйымымызды нығайтуға, оның жұмысшы табымен және шаруалармен байланысын күшейтуге көмектесетін болады.

Сөзінің қорытындысында шешен Совет Одағының Коммунистік партиясы құрметіне, ұлы көсем және ұстаз Сталин жолдастың құрметіне ұран салды.

Таңертеңгі мәжліс осымен аяқталды.

(СОТА).

**Клименко** жолдас (Ворошиловград) өзгертілген Уставтың жобасы түгелінен Сталин жолдастың нұсқауларынан туатынын, Совет мемлекетінің бағыттаушы және басшы күші —партия туралы лениндік- сталиндік ілімге негізделетінін айтты. Ворошиловград облысының партия ұйымдарында, дейді шешен, партияның XIX съезіне арналған материалдарды талқылау партиялық ішкі демократияны онан сайын нығайтуға, сын мен өзара сынды күшейтуге көмектесті, коммунистердің саяси белсенділігін онан сайын арттырды.

Сөзінің қорытындысында Клименко жолдас Ворошиловград облыстық партия ұйымының жұмысын сыйпаттап, бұл ұйым партиялық -саяси және партиялық-ұйымдастыру жұмысында, шаруашылық және мәдениет құрылысында едәуір табыстарға жеткенін айтты.

**Якубов** жолдас (Азербайжан ССР) өзгертілген Уставтың жобасы партияның мол тәжрибесін қорытатынын, жаңа тарихи жағдайға сәйкес негізгі ұйымдық ережелерді дамытатынын айтты. Коммунизм құрылысын кең өрістеткен жағдайда қоғамның басшы және бағыттаушы күші болып отырған партияның ролі ерекше артады. Сондықтан жаңа Устав партияны одан әрі нығайтуды, оның қатарларын онан сайын берік топтастыруды, шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық участоктерінде партия ұйымдарының жетекшілік ролін арттыруды көздейді.

Партияның өзгертілген Уставының жобасын партиядағы қалың бұқара зор шаттықпен қарсы алып, бірауыздан мақұлдады. Азербайжанның коммунистері өздерінің жыйналыстары мен конференцияларында коммунистердің партия ісіне жауаптылығын күшейтуді көздейтін бірсыпыра ескертулер, тілектер және ұсыныстар енгізді. Якубов жолдас сөзінің қорытындысында Азербайжанның партия съезі өзінің делегаттарына бұл съезде өзгертілген Уставты толық мақұлдап, Азербайжан ұйымы өзіне партия жүктеген барлық міндеттерді аброймен орындайтын-

Партия
кендетуді
ған бесін
гі директ
былдады.

Хрущев
ша жары
**ко** жолда

Украин
партиямы
жобасын
ды. Устав
өзінде па
дәрежесін
ғы Устав
герістер
қажеттілі
ді. Комму
совет, ша
дың басш
генде осы
негізге ал

Партиян
тәртіп тұр
өзара сын
толықтыру
дап қарсы
лаудың ба
сөз жүзінде
терілген сы
шықтырып
нады.

Кешкі мә
коммунистік
құттықтады.

Норвегия
председателі
ұзақ қолша
Левлиен Сов
және оның
дасқа жалы
сырды.

Норвегия
мияны талқ
тік бөлегін
келей азат
Армиясына
жүрегінің т

# ...МУНИСТ (большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ XIX СЪЕЗІ

## ...ЕЛІГІ

### ...ңгі мәжліс

7 октябрьде Берлинде өткізілген, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Шверник жолдас бастаған Советтік Үкмет делегациясы катысқан, алты жүз мың еңбекшілердің демонстрациясы неміс халқының совет халқына алғыс айтып, онымен достықта болуға ұмтылатындығының, неміс халқының Сталин жолдасты құрметтейтіндігінің жарқын бейнесі болды.

Германияның бейбітшілігі мен бірлігі жолындағы, Батыс Германияға милитаристік жалпы договорды тықпалап, оны агрессиялық Атлантикалық шарттың системасына қосуға тырысатын американ империалистерінің соғыс жоспарларына қарсы күресте, деді бұдан кейін Вильгельм Пик жолдас, біздің партиямыздың алдында зор міндеттер тұр. Американ империализмі Батыс Германияны өзінің Европадағы соғыс базасына айналдырмақшы, герман халқын өз бауырластарының қанын төгу соғысына айдап салмақшы болады.

Бұған карама-қарсы, Совет Одағының Үкметі өзінің үш батыс мемлекетке жолдаған ноталарында герман проблемасын бейбітшілікпен шешудің нақты және қабылдауға үйлесімді жолын көрсетіп берді.

Біз, деді Вильгельм Пик, немістердің өзара түсінісушілікке жетуін көздейтін халықтық кең қозғалыс ұйымдастырдық. Батыс Германия бундестагінің президиумы біздің Халық палатасы сайлаған делегацияны қабылдауға және оның мәлімдемесін тыңдауға мәжбүр болды.

Немістер өзінің біртұтас отанында бірігіп бейбіт өмір сүруді тілейді, сондықтан 70 миллион халықтың ұлт ретінде өмір сүруіне право беруден бас тарта алатын жер жүзінде ешқандай күш жоқ. Съездегілер шешенің бұл сөзін ұзақ қолшапа-

# Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Председателі М. З. Сабуров жолдастың баяндамасы бойынша жарыссөз

# БУЛГАНИН жолдастың сөзі

Жолдастар! Біздің партиямыздың Орталық Комитетінің есепті баяндамасында және съездің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары туралы баяндамада Маркстің—Энгельстің —Лениннің—Сталиннің ұлы ілімінің қуатты күші мен дұрыстығын жаңадан айқын дәлелдейтін мәселелер мен оқиғалар көрсетілді. Совет Одағының коммунизм құрылысындағы табыстары, қуатты халықтық- демократиялық лагерьдің құрылуы, коммунист және жұмысшы партияларының өсіп, нығаюы бұған айқын сыпат.

Атап айтқанда, Совет Одағы Коммунист партиясының съезіне шетелдік коммунист және жұмысшы партияларының көптеген делегациялары қатысып отырғандығының бәріміз үшін қуанышты фактысы да дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың күшін, бірлігі мен ұйымшылдығын сыйпаттайды. **(Қолшапалақтау).**

Совет елінің XVIII съезден бері өткен жолын шола келіп, біздің партиямыздың саясаты дұрыс болды, әрқашандағыдай, халықтың мүдделеріне сүйенді және мемлекетімізді барынша нығайту мақсатын көздеді, деп канағат және мақтаныш сезімімен атап айтуға болады. **(Қолшапалақтау).**

Бұл жылдардың ішінде партияның саясаты да, экономиканың, мәдениеттің және соғыс ісінің барлық салаларындағы оның практикалық қызметі де Ұлы Отан соғысының ауыр сындарының от- жалынында мейлінше қатаң сынға түсті.

Совет халқы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің үшінші бесжылдық жоспарын орындау жолында ынта- жігердегідей бейбіт құрылысқа бағытталған елі. Совет Одағы бейбітшіл сыртқы саясатын айнымай, аумай жүргізіп отырды. Мұнымен бірге, соғыс хаупін, империалистердің тіміскілеген әрекеттерін біздің партиямыз ешуақытта ұмытқан жоқ және Сталиннің данышпандық басшылығының арқасында еліміз бен армияны белсенді қорғанысқа әзірлей отырды. Бұл әзірлік ең алдымен, соғыс бола қалған күнде соғыс өндірісін тез ұйымдастыруды және армия мен халықты азық- түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз етерліктей материалдық мүмкіндіктер жасауда болды. Бұл қыйын міндетті біздің партиямыз соғыстан бұрынғы сталиндік үш бесжылдық жылдарының ішінде елді индустриялапдыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатының көмегімен орындап шықты. Нақ сол жылдарда біздің бұрынғы аграрлық еліміз индустриялы елге айналдырылған тарихи өзгеріс болды.

Халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарларының орындалуы Совет мемлекетінің Отан қорғау қуатын көп арттырды. Бірінші бесжылдықтың өзі-ақ: Совет Одағы әлсіз және Отан қорғауға әзір емес елден қорғанымпаздық қабілеті жағынан қуатты елге, қандай да болса кездейсоқ оқыйғаларға әзір отырған елге, Отан қорғаудың қазіргі замандағы барлық құралдарын қыруар көп етіп жасап шығара алатын және сырттан шабуыл бола қалған күнде ол құралдармен өз армиясын жабдықтай алатын елге айналды деген қорытынды жасай аларлық нәтижелерге жеткізді.

Екінші бесжылдық және үшінші бес-

...дігінің айқын дәлелі болып табылады. **(Қолшапалақтау).**

Біздің елде бірде- бір капиталистік мемлекет арман да ете алмайтын халық бірлігі бар екендігін соғыс көрсетті.

Соғыстан бұрын- ақ ССРО-да социализмнің жеңіп шыққандығы қанаушы таптардың қалдықтарының түпкілікті жойылуын және жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның біртұтас еңбек майданына топтасуын қамтамасыз етті. Сол кездің өзінде- ақ біздің елде совет қоғамының моральдық- саяси бірлігі қалыптасты, Совет Одағы халықтарының достығы нығайды, елдің саяси тұрмысы толық демократияланды.

Жаулар біздің елге шабуыл жасағанда совет тылы мен совет құрылысы берік емес деп есептеді; олар совет жұмысшылары мен шаруаларының арасында жанжал шығады, ССРО халықтарының арасында ұрыс- қағыс және алалық туады деп үміттенді. Жаудың үміті ақталмады. Басқаша болып шықты, Совет Одағына төнген үлкен қатер совет адамдарын Коммунист партиясының, Совет Үкметінің, Сталин жолдастың төңірегіне бұрынғыдан да берік топтастырды және халқымыздың ішінде советтік патриотизмнің бұрын- соңды болып көрмеген дәрежеде өрлеуін тудырды. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Совет адамдары өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін тылда бар күшін салып, аянбай еңбек етті, майданда өжеттілікпен және ерлікпен кескілесті, қисапсыз қыйыншылықтарға төзді және зор құрбандықтарға бел байлады. Соғыс біздің совет халқының қаһарман халық екенін көрсетті. Ол кереметтерді көрсете

Кузнецов жолдас, партия бұқарасының творчестволық инициативасы мен белсенділігін бұрынғыдан да жоғары көтеріп, партия жұмысындағы кемшіліктерді неғұрлым көре білуге, ол кемшіліктерді жоюға көмектесті.

Партияның өзгертілген Уставының жобасында партия мүшесінің партиялық борышын орындауға жауапкершілігін арттыру қажеттігі көрсетілген. Армия жағдайында мұның мәнісі —әрбір коммунист жауынгерлік және саяси әзірліктің озаты болуға, жоғары әскери тәртіптің үлгісін көрсетуге тиіс деген сөз. Кузнецов жолдас Советтік Отанды оның жауларының агрессиялық қимылдарынан белсене қорғауды нығайту жөнінде Уставта тұжырымдалған міндеттің зор маңызын атап көрсетті.

Сөзінің қорытындысында Кузнецов жолдас Совет Армиясының саяси қызметкерлері мен партия ұйымдары коммунистерді партияның жаңа Уставына толық сай тәрбиелеу үшін тынбай жұмыс істейді деп съезге уәде берді.

**Чеплаков** жолдас (Сахалин облысы) облыстың коммунистері мен барлық еңбекшілері партияның, үкметтің, Сталин жолдастың өзінің көмек көрсетіп, көңіл бөлуі арқасында, жапон оккупанттарының жыртқыштық әрекеттерінің зардабын жою жөнінде орасан зор жұмыс істегенін айтты.

Шешен бұдан кейін Уставқа енгізілетін өзгерістердің зор маңызы туралы айтты. Коммунизм орнатудың ұлы міндеттерін орындау жолындағы күресте партиямыздың бағыттаушы, бастаушы ролі, әрбір коммунистің ролі өлшеусіз арта түседі. Жаңа Устав партияның жауынгерлік қабілетін анағұрлым арттырады.

Сахалин партия ұйымының жұмысында, деді Чеплаков жолдас, кемшіліктер бар. Облыстың коммунистері бұл кемшіліктерді тезінен жойып, өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындау үшін қажетті шаралардың бәрін істейді. Олар бүкіл совет халқымен бірге қырағылықты онан сайын арттырып, еліміздің қорғанысын бұрынғыдан анағұрлым нығайтады, американ агрессорлары да, жапон агрессорлары да, Отанымыздың басқа жаулары да коммунизм орнатып жатқан совет адамдарының бейбіт еңбегін бұза ал-

үрінде партияның алдында тұрған жаңа міндеттерден туып отыр.

Председательдік етуші Шаяхметов жолдас съездің атына Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясының Ұлттық Комитетінен құттықтау алынғанын айтты. Съезд делегаттары бұл хабарды ұзақ, ду қолшапалақтап қарсы алды. Бәрі орындарынан тұрды.

Америка Коммунистік партиясы делегациясының мүшелері съезге қатыспай отыр, деді бұдан кейін Шаяхметов жолдас, оның себебі —«американ демократиясы» олардың съезге келуіне рұқсат бермеді. АҚШ үкметі Америка Коммунистік партиясының делегациясына елден шығуға паспорт беруден бас тартты.

Патоличев жолдас құттықтаудың текстін жариялады. Оны оқыған кезде делегаттар ду қолшапалақтап бірнеше рет бөліп отырды.

Біз Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезіне сәлем жолдаймыз, делінген хатта. Біз гитлеризмді талқандауда және халықаралық бейбітшілік пен демократияны қорғауда Сіздің еліңіздің атқарған орасан зор ролін атап көрсетеміз. Біз сіздердің елді индустрияландыру ісіндегі, социализм орнату ісіндегі үздік табыстарыңызды құттықтаймыз.

Американ халқының негізгі бұқарасы бейбітшілікті, Совет Одағымен достық ынтымақ орнатуды шын ниетімен тілейді. Бүкіл дүние жүзінің халықтары, деп жазады бұдан кейін АҚШ Компартиясы Ұлттық комитетінің мүшелері, АҚШ империалистері әзірлеп жатқан дүниежүзілік жаңа соғыстың жолын бөгей алатынын біз білеміз, халықтар осы ұлы мақсат үшін не керектің бәрін істейді. **(Ұзақ, ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрды).**

Мінбеде — Германияның Социалистік біртұтас партиясының председателі **Вильгельм Пик** жолдас. Съезд делегаттары мен қонақтар оны ұзақ, ду қолшапалақтап қарсы алды. Вильгельм Пик жолдас неміс халқының атынан, Германияның Социалистік біртұтас партиясының атынан шын жүректен туысқандық жауынгерлік сәлем тапсырды. Ол Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитетіне, әсресе Сталин жолдасқа Герман Демократиялық Республикасын орнатуда көрсеткен зор көмегі үшін алғыс айтты. Быйылғы жылғы

Герман фашизмі мен жапон милитаризмін жеңгендеріңіз үшін, деді ол, Сіздерге шын жүректен алғыс айтуыма айрықша рұқсат етіңіздер. Сіздер бұл жеңіске барлық замандардың ұлы қолбасшысы Сталин жолдастың басшылығымен жеттіңіздер.

Біз мұны партиямыздың атынан ғана емес, сонымен қатар жантүршігерлік гитлерлік құлдықтан сіздер азат еткен Голландия халқының басым көпшілігі атынан да айта алатынымызға сенеміз. Ұлы және қуатты Совет Одағының біздің халқымыз үшін соншама зор іс істегенін біздің халқымыз ешуақытта ұмытпайды.

Гроот жолдас сүйіспеншіліктің белгісі ретінде съездің Президиумына Амстердам партия ұйымы атынан ту тапсырды. Онда былай деп жазылған: «Голландия жұмысшылары Совет Одағына қарсы ешуақытта да соғыспайды». Зал ду қолшапалақтады. Бәрі де орындарынан тұрды.

Съезд делегаттары Швеция Коммунистік партиясының съезді құттықтап сөз сөйлеген председателі **Хильдинг Хагберг** жолдасты жылы жүзбен қарсы алды.

Адамзаттың тарихында, деді ол, осыншама көп адамдарға Сталин жолдастай соншама қымбат болып көрінген бірде-бір адам ешуақытта болған емес. **(Ду қолшапалақтау).**

1940 жылы гитлерлік Германияның Швецияны оккупациялауға әзірленіп жатқан әрекетінен Совет үкметінің араласуы арқасында құтылғанымызға Швеция халқының шын жүректен білдірген алғысы мен сүйіспеншілігін бүкіл дүние жүзінің адамдары назар аударып отырған осы мінбеде тұрып тағыда еске түсіргім келеді. Қаһарман совет халқы, оның даңқты армиясы Швецияны құтқарып, соғыстың бүкіл өн бойында оның бейбітшілігі мен хауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз етті.

Бұл кездейсоқ нәрсе емес еді. Совет үкметінің дәйектілікпен жүргізіп отырған бейбітшілік саясаты бұған дәлел болады.

Съезд делегаттары мен қонақтардың ду қолшапалақтауы үстінде Хильдинг Хагберг жолдас социализмнің ұлы сәулетшісі Сталин жолдастың құрметіне ұран салды.

Съездің таңертеңгі мәжлісі Хильдинг Хагберг жолдастың сөзімен аяқталды.

(СОТА).

соғыс болды, сондықтан ол соғыс совет халқының орасан күш салуын, үлкен қыйыншылықтар мен ауыр құрбандықтарға көнуін керек етті.

Соғыс жылдарында Отанымыздың үлесіне тиген айрықша қыйыншылықтарды түгел айтып жатудың қажеті жоқ. Соғыс уақытындағы аса зор ауыртпалықтар бәріміздің әлі есімізде. Бір жағдайды тағыда қайта- қайта атап көрсету өте маңызды: егер мұндай қыйыншылықтарға буржуазиялық мемлекеттердің қай- қайсысы ұшыраса да, ол мемлекет гитлершілдердің біздің елімізге берген соққысындай соққыға төтеп бере алмас еді. Тек Советтік Социалистік мемлекет қана мұндай жағдайларда төтеп бере алды, бұрын- соңды болып көрмеген қыйыншылықтарға төзе алды, сөйтіп жеңіске жете алды. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Ал жаудың тегеуіріне төтеп беруімізге, одан кейін тарихтағы аса зор жеңіске жетуімізге көмектескен не?

Сталин жолдас: осы замандағы соғыс— әрбір халықтың барлық материалдық және рухани күштерін барлық жағынан бірдей сынау болып табылады, деп үйретеді. Шаруашылығының дамуы мен ұйымдастырылуы жағынан, өз әскерлерінің тәжрибесі, шеберлігі және жауынгерлігі жағынан, соғыстың бүкіл өн бойында халықтың қажырлылығы мен бірлігі жағынан өз дұшпанынан күшті болып шыққан мемлекеттер ғана бұл сынға төтеп бере алады.

Қысқасы, —соғыстың қалай тынары соғысушы жақтардың экономикалық, моральдық және соғыс мүмкіншіліктерімен байланысты. Осының барлығы жағынан біздің Совет мемлекеті өз дұшпаны—гитлершіл Германиядан, ол біздің елге шабуыл жасау қарсаңында тек өз жеріндегі ғана емес, сонымен қабат Францияның, Чехословакияның, Австрияның, Бельгияның, Голландияның, Венгрияның, Румынияның, Испанияның және басқа бірсыпыра елдердің жеріндегі экономикалық және адам қорларына ие бола тұрса да,— онан анағұрлым күшті болып шықты.

Соғыс алдындағы жылдарда да біздің халқымыздың негізгі күштері қәзіргі кез-

да-ақ озат техникам
маңдай алды артилле
танк және механизмд
қәзіргі замандағы авиа
үлкен Соғыс- Теңіз Ф
басталды. Мұның өзі
Қарулы күштерінің
ты мен жауынгерлік
дәрежеге көтерді.

Соғыс басталды. О
териалдық мүмкіндік
дұрыс пайдалануды
ның ұйымдастырушы
қасында бұл міндет
дай орындалды.

Өнеркәсібімізді соғ
дерінен басталған с
ру ісі негізінде үш
ды, ал бүкіл эконом
тап қайта құру бір
Бұл арада мынаны
та құру ісі адам ай
дайларда жүргізілді,
міздің едәуір бөлегі
сына ұшыраған еді
көпшілігін шығысқа
ген еді. Осының бә
йыншылықтар туды
айрылып қалған ин
мыздың бейбітшілік
ның бүкіл өнеркәсі
бөлегін беріп келге
кілікті. Еліміздің ш
на 1.300-ден астам
сіпорындар көшіріл
миллиондаған адам
лік те көшірілді. Бі
өз шаруашылығын
дайларда соғысқа
на тура келген ем

Қысқа мерзімнің
және тез өсе берге
ғы құрылды, қолда
ғана емес, жаңада
дар да оның база

Соғыстың ауыр
өнеркәсібіміз бен
руашылығымыз өз
орындады. Мұның
болжап, өте күрде
пандықпен шеше
мыздың саясатын

# ...ММУНИСТ (большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ XIX СЪЕЗІ

## ...ІГАНИН жолдастың сөзінің соңы

...зиянын
...стемасы-
...ижесінде
...і импе-
...е кү-

...дің Совет
...н бүкіл
... кейінгі
...уштілігін

...ндеттерін
...ына тағы
...ды, өйт-
... соғыс
... болып
...ы бұл
... өз кү-
...л жөнін-
...оммунист
...н совет
...н емдеп
... тауып
...ранспорт-
...мәдениет-
...әл- аука-
...астырып
... шықты.
...дарының
...ындылары

...ың ойда-
... саяса-

...лдарында
...не соғыс-
... табыста-
...рын еш-
...де ны-

...рік және
... буржуа-
...бола да
... айтқан

...ірінші дә-

бойы қандай да болса бір мамандыққа таңылып қалмайтын болуы үшін керек.

Бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасында, бұдан бұрынғы барлық бесжылдықтардағыдай, партиямыздың халықтар арасындағы достықты нығайту, барлық одақтас республикалардың экономика және мәдениет жағынан бұрынғыдан да гүлдеп, көркейе түсуі мақсатын көздейтін Ленин—Сталин ұлт саясаты нақты бейнеленген. Осында сөйлеген жолдастар Совет өкметі орнағаннан бергі жылдарда, оның ішінде атап айтқанда, соғыстан кейінгі уақытта одақтас республикалардың экономикасы мен мәдениеті қаулап өркендегендігін сыйпаттайтын көп айқын фактілер мен көрнекті цифрлар келтірді. Жаңа бесжылдық жылдарында Орта Азия, Закавказье республикаларында, Белоруссияда, Украинада және барлық басқа республикаларда халық шаруашылығы бұрынғыдан әрі мықтап өркендейтін болады.

Халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларын өркендету жөнінде Литва, Латвия және Эстония Советтік Социалистік Республикалары үшін үлкен тапсырмалар белгіленіп отыр, бұл республикалардың халықтары соғыстан бір-аз уақыт бұрын ғана туысқан советтік семьяға кірген болатын, ал одан бұрын буржуазиялық үкметтердің қол астында болған.

Төртінші бесжылдық жылдарының ішінде Прибалтика советтік республикалары, соғыстың ауыр зардаптарына қарамастан, халық шаруашылығын әсересе, өнеркәсіпті өркендетуде үлкен табыстарға жетті. Жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директивалар бұл республикалардың халық шаруашылығының бұрынғыдан әрі өркендеуін қамтамасыз етеді.

Бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасы —совет халқының барлық күшін бейбіт құрылысқа жұмсап отырғандығының және соғыска

лылығының дәрежесімен тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

Соңғы жылдардың ішінде біздің партиямыз идеологиялық жұмысты өрістету және оның сапасын арттыру жөнінде үлкен жұмыс істеді. Коммунизм құрылысының міндеттері партияның идеологиялық жұмысын жаңадан кең өрістетуді, насихат жұмысын бұрынғыдан әрі күшейтуді және партия мүшелерінің теориялық дәрежесін көтеруді керек етеді. Бұл —біздің алға басуымыздың өте маңызды шарттарының бірі.

Жолдастар! Маленков жолдастың Орталық Комитеттің жұмысы туралы партияның съезінде жасаған есепті баяндамасында халықаралық жағдай барлық жағынан бірдей терең талданды. Кәзіргі дүниежүзілік жағдайдың ең сыйпатты ерекшеліктерінің бірі —оның шиеленісіп отырғандығы, империалистердің Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне қарсы соғыс әзірлігін күшейтуі болып табылады.

Америка Құрама Штаттары, соғыстан кейін туған жағдайды пайдаланып, бүкіл дүние жүзіне Америка үстемдігін орнатуға бағытталған саясатқа ашық көшті. Соңғы уақытта АҚШ-тың монополистері өздерінің бұл саясатын «коммунистік емес дүниенің елдері арасындағы ынтымақ және келісілген қыймылдар туралы» көпірме сөздермен бүркеуге тырысуда. Бірақ бұл мырзалар қаншама қулық-сұмдық істесе де, олардың жоспарлары мен арам ойларының дүние жүзіне үстемдік орнатудың соңына түсіп, омақата құлап, мойнын үзіп алған Гитлердің және оның сыбайластарының жоспарлары мен арам ойларынан ешбір өзгешелігі жоқ екені айқын. Дүние жүзіне үстемдік орнатудан дәмеленуші жаңа соғысқұмарлардың да мұны ескеруі артық болмас еді.

Соңғы жылдардың ішінде барлық агрессияшыл елдерде құрғақтағы әскерлер мен соғыс- әуе күштерінің саны едәуір

оларды қызықтыра қояр ма екен?

Осыған байланысты, капиталистік елдердің билеп- төстеуші топтары халықтарды өтірікпен шырмауда, Совет Одағы мен халықтық демократия елдері туралы адам айтқысыз өтірік- өсек таратуда, бұл елдерді коммунизмнен «азат ету» керек деп даурығуда. Бұл істе Американың билеуші топтарының өкілдері өте- мөте жұлқынып, олар Европа мен Азияның едәуір бөлегін, соның ішінде Польшаны, Чехословакияны, Венгрияны, Болгарияны, Румынияны, Албанияны, Қытайды, Монгол Халық Республикасын, тағы басқа елдерді де «азат ету керек» деуден де тартынбайды.

Бұл есуастық жоспарларға тіпті буржуазиялық лагерьдегілер таң қалуда. Бұл лагерьдің онша- мұнша есі дұрыс қайраткерлері: —ал осы айтылып отырған халықтар өздерін «азат етуді» тілей ме екен? —деп сұрақ қоюда.

Мұнысы орынды сұрақ. Жоғарыда аталған елдердің халықтары мұндай «азат етушілердің» рақымына шынында мұқтаж емес. Бұл елдерге кейбіреулерден түпкілікті құтылу керек болып отырса, ол— американдардың көптеп жіберіп отырған шпиондарынан, диверсанттары мен терроршылдарынан құтылу керектігі. **(Қолшапалақтау).** Басқа ешқандай «азаттықтың» керегі жоқ, оның үстіне, «американша азат етудің» қандай мәні бар екені бүкіл дүние жүзіне мәлім. Өткендегіні алатын болсақ, «американша азат етудің» мәнісі —бұл Солтүстік Американың индиялық тайпаларын айуандықпен қыру, филиппины халқын орасан қатал жазалау, жас Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясы, «Американша азат етудің» мәнісі —кәзіргі уақытта Кореядағы тонаушылық, басқыншылық соғыс, Кореяның бейбіт қалалары мен селоларын айуандықпен бомбалау, әйелдер мен балаларды бомбамен және өлім егетін бактериялармен қыру.

«Азаттық» туралы өтірікпен американ

ты қарулы күштері жеткілікті екендігін атап көрсету маңызды.

Дүниежүзілік жаңа соғыс демократия лагерінен гөрі капитализм лагері үшін анағұрлым қатерлі екендігін капиталист мырзалар біліп қойсын, естерінен де шығармасын. Егер олар соғысты бастаса мұның өзі капитализмді біржолата құртуға жұмсаудан өз күштерін аямайтын барлық бостандық сүйгіш халықтардың қуатты қарулы тойтарысын тудырады. **(Ду қолшапалақтау).**

Осылай болып тұрғанда біз әрқашан аса қырағылық көрсетіп отыруға, агрессорларға тойтарыс беруге әзірлігімізді арттырып отыруға міндеттіміз. Тарих тәжрибесі бізге мынаны көрсетеді: империализмнің позициялары неғұрлым әлсіз бола бастаса, оның тарапынан соғыс авантюраларының хаупі солғұрлым арта түседі, империалистердің өздерінің берекесі кеткен істерін Совет Одағының есесінен түзеп алуды көздейтін әрекеттері солғұрлым күшейе түседі.

Сонымен, бұрынғы уақыттағыдай, Армиямызды, Авиациямыз бен Соғыс-Теңіз флотымызды барынша нығайтып отыруымыз керек. Біздің Қарулы Күштеріміздің және бүкіл демократиялық лагерьдің қарулы күштерінің тұрақты жауынгерлік әзірлігі —қандай да болса кездейсоқ жағдайлардан сақтанудың ең сенімді кепілі.

Біздің Армиямыз бен Флотымыз өз Отанын қорғау үшін, совет халқының бейбіт еңбегін қорғау үшін өмір сүріп отыр. Біз бейбітшілікті жақтаймыз және бейбітшілік саясатын, соғысты болдырмау саясатын жүргізіп отырмыз. Бірақ Совет Үкметінің бейбітшілік ісін қамтамасыз етуді көздейтін барлық ұсыныстарын Америка үкметі мен оның сойылын соғушылар қабылдамай жүр. Қабылдамайтындығының себебі—совет ұсыныстары соғыс өртін тұтандырушылардың әрекетін және олардың агрессиялық жоспарларын іске асыртпай-

мен, төккен қанымен даңқты жеңістерге жетіп, өз елін құлдыққа ұшыраудан құтқарып қалды. **(Қолшапалақтау).**

Бұл жеңістердің әрқайсысы —совет соғыс өнерінің, совет офицерлері мен генералдарының шеберлігінің нақты істе қолданылуы, сталиндік соғыс ғылымының салтанаты, көсеміміз және Жоғарғы Бас Командашы Сталин жолдастың қолбасшылық өнерінің асқан зор салтанаты. **(Ұзақ ду қолшапалақтау).**

Сталин жолдас совет халқы мен Қарулы Күштердің шетел шапқыншылығына қарсы күресін бастап отырды. Оның қолма- қол басшылығымен, оның данышпандық жоспарлары бойынша Ұлы Отан соғысының барлық шешуші ұрыстарына әзірлік жүргізіліп, іс жүзінде өткізілді және гитлершіл Германия мен империалистік Жапонияны талқандау жүзеге асырылды.

Фашизм күштерін біздің жеңгеніміз туралы айта келіп, соғыс күндерінде Совет Одағының жерінде құрылған даңқты Поляк армиясы мен Чехословак корпусының бұл жеңіске жетуге, Совет Армиясымен қатар, өздерінің үлесін қосқандығын еске түсірмеуге болмайды. **(Қолшапалақтау).** Совет әскерлерімен тізе қосып, бірге бола отырып, ортақ жаумен кескілесіп, поляк және чехословак бөлімдерінің жауынгерлері өздерінің ерлігі мен жауынгерлік шеберлігін іс жүзінде дәлелдеді. Олардың ойдағыдай жауынгерлік қимылдары Жоғарғы Бас Командашы Сталин жолдастың бұйрықтарында талай рет атап көрсетілді. Соғыстың қорытынды кезеңінде фашизмге қарсы қарулы күреске румын және болгар армиялары қосылып, бұлар да жауынгерлік жақсы қасиеттерін көрсетті.

Біздің ел соғыстан күшті және мықты болып шықты. Империалистердің Совет Одағы әлсіреп, жүдейді деген үміттері кесілді.

Біздің жеңісіміздің арқасында Орталық және Оңтүстік -Шығыс Европа елдерінің халықтары помещиктер мен капиталистер өкметін құлатып, өз елдерінде халықтық-демократиялық құрылыс орнатуға мүм-

Өнеркәсіптің жетекші салалары өркендеуінің шапшаң қарқыны, ұлттық табыстың бесжылдық ішінде кемінде 60 процент өсуі, жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысының кемінде 35 процент, колхозшылар табысының кемінде 40 процент артуы, товар айналымының көп өсуі және басқа көп көрсеткіштер де осыны дәлелдейді.

Бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасында айтылатын тапсырмалар алдыңғы қатарлы техниканың, машиналардың, станоктердің және өте- мөте дәл аспаптардың бұрынғыдан әрі мықтап өркендетілуін қамтамасыз етеді, мұның өзі, инженерлердің, техниктердің және жұмысшылардың мамандығы жоғары кадрларының тиісті дәрежеде өсуіне жеткізеді. Мұның біздің экономикамызды онан әрі нығайту үшін де, елдің қорғанымпаздық қаблетін арттыру үшін де үлкен пайдалы маңызы болады, өйткені осы заманғы соғыс ғылым мен техниканың соңғы табыстарына негізделген қару- жарақтың көп құралдарын керек етеді.

Директивалардың жобасы бойынша белгіленіп отырған, ауыл шаруашылығы өнімінің өте маңызды түрлері өндірілуінің 40 проценттен 70 процентке дейін артуы және мал шаруашылығы өнімінің көп өсуі таяу жылдардың ішінде біздің ауыл шаруашылығының жаңадан мықтап өркендейтіндігін көрсетеді.

Директивалар бойынша халық ағарту саласында алға қойылған міндеттердің: жалпыға бірдей орта білімнің едәуір ұлғайтылуының және орта мектепте политехникалық оқуды жүзеге асыра бастаудың мемлекеттік зор маңызы бар. Бұл міндеттердің іс жүзінде орындалуы халқымыздың мәдениет дәрежесін бұрынғыдан да арттыра түседі, жақсы білімі бар және техникалық жағынан даярланған коммунизм құрылысшылары мен Отан қоргаушылардың жаңа кадрларын береді. Жалпы міндетті политехникалық оқу, Сталин жолдастың айтқанындай, қоғам мүшелерінің мамандықты еркін таңдап алуына мүмкіндігі болуы үшін және өмір

не асыра орындауға еңбекшілердің қалың бұқарасын жұмылдыруға міндеттейді.

«Өндірістік жоспарды цифрлар мен міндеттемелердің тізбесі ғана деп ойлау ағаттық болар еді. Шынында өндірістік жоспар дегеніміз миллиондаған адамның күнбе-күнгі, іс жүзіндегі қызметі. Біздің **өндірістік жоспарымызды нақты ететін** —жаңа тұрмыс орнатып жатқан миллиондаған еңбекшілер» дейді Сталин жолдас.

Өткен уақытта совет халқы халық шаруашылығы жоспарларын толық орындап қана қоймай, асыра орындауға да белді бекем байлап әзір отырғандығын сан рет көрсетті, осының арқасында ол жоспарлар мерзімінен бұрын жүзеге асырылып отырды. Халқымыздың мұндай бел байлауға әзір отырғандығының себебі шаруашылық жоспарларын ол өзінің ең көкейтесті мүдделерінің бейнесі деп біледі, жоспарлардың орындалуы біздің Советтік мемлекетімізді нығайтатындығын, біздің қоғамдық дәулетімізді молайтатындығын, совет адамдарының тұрмысын жақсартатындығын және әрбір жыл сайын, әрбір жаңа бесжылдық сайын біздің еліміз ардақты мақсатына —коммунизмге жақындай түсетіндігін айқын көреді. **(Қолшапалақтау).**

Совет адамдарының халықшаруашылық жоспарларын толық және асыра орындауға бел байлап әзір тұрғандығының белгісі бүкілхалықтық социалистік жарыстың өрістетілуінен айқын көрінеді. Жаңа бесжылдық жылдарында да еңбектің бұл сыналған коммунистік әдісінің миллиондаған совет адамдарының әдісі болатындығына күмән жоқ, совет адамдары бұл әдісті еңбек өнімділігін барынша арттыру үшін, барлық өндірістік тапсырмаларды мерзімінен бұрын, өте сапалы етіп, толық және асыра орындау үшін пайдаланады.

Социалистік құрылыстың көпжылдық тәжрибесі бізге, шаруашылық табыстары біздің кадрларымыздың, партияның барлық мүшелерінің идеялық ,маркстік-лениндік шынығу дәрежесімен және еңбекшілердің қалың бұқарасының саяси сана-

бірсе совет шекараларының бойын ...
кілеп жүреді. Соңғы үш айдың ішінде ғана совет- түрік шекарасында Америка және Англия соғысқұмарларының ондаған көрнекті өкілдері болып кетті. Әскер киімін киген бұл қорқау қасқырлардың біздің шекарамызда көрінуі, әрине тегін емес. Бұл —ССРО-ға қарсы империалистік соғыс әзірлеу қамының бір көрінісі.

Мұның өзі Түркияның қазіргі үкметі, өз халқының тағдыры үшін жауаптылық сезімнен жұрдай болып, Америка- Англия блогінің қолшоқпарына айналып, өз елін қатерлі авантюралар жолына сүйреп жүргенін де көрсетеді.

Жақында, Совет Одағының шекараларына жақын жерде, Атлантика блогінің комбинациялы соғыс- теңіз маневрлері болды, бұл маневрлер Норвегияның солтүстік жағалауынан Данияның Борнхольм аралына дейінгі ауданда өтті. Маневрлерге тоғыз ел қатысты. Норвегия мен Данияны былай қойғанда, маневрге қатысушы басқа елдердің Балтық теңізі ауданында көздейтін тікелей мүддесі жоқ.

Американың қазіргі үкметі бастап отырған империалистік лагерьдің қимылдары мен ниеттерінің көрнеу агрессиялық және провокациялық сыйпаты бар.

Агрессиялық лагерьдің күштерін жете бағаламауға, әрине, болмайды, бірақ ол күштерді асыра бағалаудың да жөні жоқ. Бұл күштерге олардың өздерін тудырған капиталистік системаның барлық дерттері тән.

Капиталистік лагерьдің тең праволы емес мемлекеттерді біріктіріп отырғанын және оларды ішкі үлкен қайшылықтар жегідей жеп жатқанын ескермеуге болмайды. Бұл лагерьдің басшылары антикоммунизм туын бетке ұстап шыға отырып, «еркін елдердің бірлестігін» құрып жатырмыз дегенді айтады. Бірақ, затында еркін елдердің қандай бірлестігі туралы сөз болуы мүмкін? АҚШ-тың ықпалына тартылған елдердің халықтары бұл «бірлестікке» қатысуды тілей қояр ма екен? Америка монополияларының қарақшылық құлқыны үшін болмақ соғыс

мен езушілігіне ше
американ тұтқыны
бес даму жолына т
ойлау дұрыс болма
Солтүстік-атлант
шылардың қайшы
йыншылықтары
жоспарларын жүзе
лып отыр. Ал, бұ
мократияның қуат
кедергі болып оты
Халықтық демо
дің еңбекшілері,
және жұмысшы
лығымен, экономи
не қоғамдық тұрм
рында көрнекті та
быстар демократия
соғыстан бұрынғы
ескі режимдер тү
күшті болып алға
ді.

Халықтық демо
өздерінің арасында
ынтымақты жолға
тың негізінде бір
пы экономикалық
тілегі жатыр, ос
елдерде өнеркәсіп
өркендеуі қамтама
Капитализм ду
лизм дүниесіндегі
қатынастардағы
Оларда, капитали
лық жағынан әл
және кіріптар б
үстемдік пен ба
ры. Мұнда, бізде,
лық өрлеуге жет
қатынастары, ту
настары.

Эльбадан Тың
лып жатқан бей
лагері бейбіт құ
бітшілікті ұзақ
бөленген. Бірақ,
де оның нағыз

# социалистік жарыс



Баян МТС-нің атақты комбайншысы И. Қалмыковпен бірге комсі болып бірнеше жыл жұмыс істеді.
Қалмыков жолдасқа Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ха- жылы өздігінен комбайншы болып істеп, көрнекті табысқа нин орденімен наградталды.
дан оңға қарай) Социалистік Еңбек Ері **И. Қалмыков** және **Қасенов** жолдастар.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Жоспардан тыс

ты Куйбышев атынтор бригадасының ко жолдас) тракторIX съезі құрметіне ыра түскен. Бригаының жылдық жосның бас кезінде

жоспардан тыс жұкторлар түгелдей ы. Осының нәтижерту жоспарын қысқа мерзімде және толық орындауға жетісті. Механизаторлар 1000 гектардан астам зябь жыртты. Мұнымен бірге, 2900 килограмм жанар майын үнемдеп, ол маймеп жұмыс істеді.

Тракторшылар Н. Данилычев, Брегиня және Н. Яснов жолдастар сменалық тапсырманы үнемі артығымен орындап жүр. Қазіргі уақытта механизаторлар жоспардан тыс зябь жыртуда.

**М. НҰРЫМОВ.**

## Оқу сапасын одан әрі жақсарта береміз

БК(б)П-ның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларда бесжылдықтың аяғында республикалар астаналарында, республикаларға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жетіжылдық білім алудан жалпыға бірдей орта білім алуға көшу қарастырылып, сондай-ақ келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алуды толық жүзеге асыруға керекті жағдайлар жасау міндеті қойылып отыр.

Халық-ағарту мәселесі жөнінде қарастырылып отырған бұл аса маңызды шаралар тек оқу бөлімдерінің ғана емес, мектептер мен оқытушылар алдына да зор міндеттер қояды. Демек, мектеп коллективтері қазір жалпыға бірдей міндетті он жылдық оқу заңын толық жүзеге асыру үшін күш жұмсай отырып, оқушыларды жетіжылдық мектептерді ойдағыдай бітіріп шығуға, сөйтіп, олардың орта мектептерге түсіп оқуына барлық жағынан жақсы дайындалулары керек. Міне, біздің мектептің мұғалімдері өздерінің білімі мен қабілетін жас ұрпақтарға білім, тәрбие беру ісін осы талаптарға сай жүргізу үшін толық жұмсауда.

Қазір мектебімізде 175 оқушы оқиды. Бұлардың көпшілігі комсомолецтер мен пионерлер. Оқу жылының алғашқы күнінен бастап бізде оқу, тәлім-тәрбие жұмыстары алдын-ала жасалған жоспар бойынша жүргізілуде. Ал, барлық оқытушылар сабаққа толық әзірлікпен келіп, оқушылардың да үйге берген тапсырмаларды орындап келуін бақылап отырады. Мұғалімдердің көпшілігі оқуды төмен бағамен үлгеретін оқушылармен қосымша сабақтар өткізу арқылы оқуды үлгере алмаушылықты біржолата жою үшін күш жұмсауда. Мәселен, оқытушы Б. Исмағұлов сабақтан кейін оқуды нашар үлгеретін оқушылармен жиі-жиі қосымша сабақтар өткізіп отырады. Соның нәтижесінде ол өзі сабақ беріп жүрген пән бойынша оқушылардың оқуды толық үлгеруіне жетісіп отыр.

Мектебіміз жас ұрпақтарға сапалы

## Совет Үкметінің АҚШ Үкметіне наразылығы

12 октябрьде ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары Г. М. Пушкин АҚШ тың уақытша елшісі О' Шонесси мырзаны қабылдап, оған мынадай нота тапсырды:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі Америка Құрама Штаттары үкметіне мынаны мәлімдеуді қажет деп есептейді:

Хабардар совет органдарының тексерілген хабары бойынша осы жылғы 7 октябрьде Владивосток уақыты бойынша 15 сағат 30 минут шамасында АҚШ-тың танымалы белгілері бар төрт моторлы Б-29 бомбардировщигі Юрий аралының ауданында ССРО-ның мемлекеттік шекарасын бұзған. Әуеге көтерілген екі совет истребителі американ бомбардировщигінен таяу аэродромға қону үшін өздерінің соңынан еруді талап еткен. Совет истребительдерінің заңды талабын орындаудың орнына, шекараны бұзушы самолет бұларға қарсы оқ атқан. Совет истребительдері бұған қарсы оқ атқаннан кейін американ бомбардировщигі теңізге қарай ұшып кеткен.

Совет Үкметі ССРО-ның мемлекеттік шекарасын американ соғыс самолетінің осы жаңадан бұзуына қарсы батыл наразылық білдіріп, АҚШ үкметінен американ самолеттерінің ССРО-ның мемлекеттік шекарасын бұзуына жол бермеу шараларын қолдануын талап етеді».

О' Шонесси мырза нотаны АҚШ үкметіне дереу табыс ететіндігін мәлімдеген.

(СОТА).

## Азия және Тынық мұхит елдерінің бейбітшілік жақтаушылары Конгресінің жабылуы

ПЕКИН, 13 октябрь. (СОТА). Бүгін Азия және Тынық мұхит елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресі жабылды. Қорытынды мәжілісте Корея мәселесі туралы, бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасасу үшін қозғалысты күшейту туралы, бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресін шақыруды қолдау туралы, ұлт тәуелсіздігі туралы, әйелдердің праволары және балалардың тұрмысын жақсарту туралы бүкіл дүние жүзі халықтарына үндеу, мәдениет байланысы мен экономикалық қарым-қатынастар туралы, Біріккен Ұлттар Ұйымына Конгрестің үндеуі, жапон мәселесі жөнінде қарар, сол сияқты Азия және Тынық мұхит елдері бейбітшілік жақтаушыларының Байланыс Комитетін құру туралы қарарлар қабылданды. Байланыс Комитетінің председателі болып Сун Цзин-лин сайланды.

Конгресте Конгреске қатысқан оқымыстылар мен дәрігерлердің біріккен декларациясы оқылды. Олар декларацияда Құрама Штаттардың үкметі жүргізіп отырған бактериологиялық соғысты айыптайды.

Мәжілістің қорытындысында Индия делегациясының басшысы доктор Китчлев сөз сөйледі. Ол Конгресс жұмысының көңілдегідей өткізіліп, барлық қарарларды Конгресс делегаттарының бірауыздан қабылдағандығын атап көрсетті.

## Азия және Тынық мұхит елдері бейбітшілік жақтаушыларының Байланыс Комитетінің құрамы

ПЕКИН, 13 октябрь. (СОТА). Азия және Тынық мұхит елдерінің бейбітшілік … Анисимов (ССРО); Джеймс Эндикотт (Канада); Назым Хикмет (Турция); Виктор

де 1804 литрден сүт алынды.

Сауыншылар съезге лайықты тарту әзірлеу жолындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасып, алған көтеріңкі міндеттемелерін мінсіз орындауда.

**О. ЖАҚАНОВ.**

---

тездету арқылы жүк тасуды едәуір арттырды. Шофер Малыхин жолдас машинаның тәуліктік жүрісін 500 километрге жеткізу жөнінде рота шоферларын социалистік жарысқа шақырған-ды. Озат шофер өз авторотасы жағдайында машинаның тәуліктік жүрісін 500 километрге жеткізіп отырды.

Ротаның Малыхин, Крепышев, Денисов жолдастар сықты озат шоферлары съезд күндері қабылдау пункттеріне астықты жеткізудің қарқынын арттыра түсуде.

**С. САДЫҚОВ.**

---

биеттен алатын орны жөнінде баяндама жасалып, Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған шығармалар оқылды.

Әдебиет кешіне жүзден астам оқушы қатысты.

**Б. МАҒАЗОВ.**

---

# Зябь—мол өнімнің негізі

Бүкіл совет халқымен бірге, облысымыздың еңбекшілері де Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) партиясының XIX съезін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алды. Облысымыздың жұмысшылары, колхозшы шаруалары мен еңбекші интеллигенциясы съезд өткізіліп жатқан күндерде де саяси және өндірістік белсенділіктерін арттыра түсіп, өздерінің еңбектегі табыстарын молайта беру жолында қажырлы күрес жүргізуде. Сөйтіп, өздерінің жанқиярлық еңбегімен советтік Отанымызға, Ленин —Сталин партиясына және данышпан көсеміміз Сталин жолдасқа шексіз сүйіспеншіліктері мен берілгендіктерін білдіруде.

Облысымыздың өнеркәсіп орындарының коллективтері жылдық өндірістік программаны мерзімінен бұрын толық және артығымен орындап шығу жолында аянбай еңбек етсе, колхозшы шаруалар, МТС және совхоз қызметкерлері үстіміздегі ауылшаруашылық жылын табысты аяқтау үшін күресуде.

Қазіргі уақыт —зябь жырту жұмысының ең қызу және шешуші кезеңі. Зябь —мол өнімнің негізі екендігі мәлім. Олай болса, қазір колхоз, совхоздардың барлық күш-мүмкіншілігі зябь жырту жоспарын әрбір шаруашылық бойынша таяу күндерде орындауға жұмылдырылсын.

Үстіміздегі октябрь айында зябь жырту жұмысы барлық ауылшаруашылық жұмыстарының ең шешуші және күрделі түрлерінің бірі болып табылады. Сондықтан қолайлы мерзімді өткізіп алмай, бұл жұмыстың табысты аяқталуын қамтамасыз ету үшін аудандық партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары, колхоз басқармалары мен МТС, совхоз директорлары барлық шешуші шараларды қолдануға міндетті.

Егін жыйнау сықты, зябь жырту да— маусымды жұмыс. Алайда, қолайлы мерзімнің өтіп бара жатқанына қарамастан, облысымызда зябь жырту жұмысының жайы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Облысымыздың бірде-бір ауданының әлі күнге дейін зябь жырту жұмысын аяқтамағандығының өзі-ақ бұл пікірімізге толық дәлел бола алады. Ал, Полудень, Булаев, Октябрь аудандары күні бүгінге дейін зябь жырту жоспарын небары 20 проценттен аз-ақ артық орындады. Басқа аудандарда да бұл жұмыстың барысы мардымды емес.

Бұл жағдайға бұдан әрі төзуге болмайды. Келесі жылы егіннен мол өнім алуға осы күннен бастап қамқорлық жасау керек. Келесі жылы егіннен мол өнім алудың басты шарттарының бірі —үстіміздегі жылғы зябь жырту жоспарын қайткенде толық орындап шығу болып табылады.

Колхоздарда зябь жырту жұмысының табысты аяқталуы машина-трактор станцияларының механизация күшін бұл жұмысқа өнімді пайдалануына тікелей байланысты. Ал, бізде МТС-тердің механизация күші жұмысқа тиімді пайдаланылуда деп айта алмаймыз. Көптеген МТС-терде, атап айтқанда, Соколов, Полудень, Николаевка, Сартомар, Пушкин атындағы МТС-терде механизация күші зябь жырту жұмысына мейлінше қанағаттанғысыз пайдаланылып отыр. Соколов МТС-нің зябь жырту жұмысын қалай жүргізіп отырғандығын мысалға алайық. Бұл МТС бойынша зябь жырту жоспарының орындалуы 20 процентке де жетпейді. Мұнда зябь жыртуға бөлінген тракторлардың жұмыс істегенінен босқа тұрғаны көп, зябь жыртуда жүрген бірқатар трактор бригадалары таратылып та жіберілген. МТС директоры Драгомиров жолдас зябь жыртуды ұйымдастыруды мүлде бетімен жіберді, бұл жөнінде дәрменсіздікке салынып, МТС бойынша зябь жырту жоспарының қайткенде толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті екендігі жөніндегі өзінің партия мен үкмет алдындағы жауапкершілігін ұмытқан.

Аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері МТС және совхоз директорларынан, колхоз председательдерінен, зябь жырту жоспарын мерзімінде толық орындауды қамтамасыз етуді қатаң талап етуге, сол сықты, бұл жұмыста оларға нақтылы көмек көрсетіп, іскерлікпен басшылық жасауға міндетті.

Облысымыздың машина-трактор станцияларында механизация күші жеткілікті. Қолда бар тракторларды зябь жыртуға толық қосып, әрбір трактордың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Мұнымен бірге, зябь жырту жұмысына көлік плугтері де қосылатын болсын.

Әрбір бригадаға, әрбір тракторшыға зябь жырту жөнінде күндік және бескүндік график белгіленіп, ол графиктің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Зябь жыртуда механизация күшінің өнімді жұмыс істеуі үшін оларға жанар, жағар майды, суды кезінде жеткізіп отырудың да шешуші маңызы бар.

Партия ұйымдары зябь жыртуда жүрген механизаторлар мен колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыс пен социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыруға тиіс. Зябь жыртуда жүрген бригадаларда қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың кезінде шығарылып, онда социалистік жарыстың озаттарын және олардың жұмыс тәжрибелерін жазып отыруға жете назар аудару қажет. Ал, біздің әрбір колхозда, совхозда зябь жыртуда еңбек үлгісін көрсетіп жүрген механизаторлар аз емес. Олардың еңбек үлгісі мен жұмыс әдісін жұртшылыққа таратып отыру керек.

Зябь —егіннен мол өнім алудың негізі. Олай болса, алдымыздағы 1953 жылы егіннің барлық көлемінен мол өнім алу үшін үстіміздегі жылы зябь жырту жоспарының әрбір колхоз, совхоз бойынша толық және артығымен орындалуын қамтамасыз етейік!

---

агенттігі «Б...
рористік ұй...
өкмет орын...
тыс Герман...
ірі қоймала...
Бұл қоймала...
лерге, әсресе...
орналастыры...

**АМ...**

ПЕКИН, 1...
агенттігінің...
хабарлайды:...
Ляодун п...
уезінің дерев...
1 октябрь к...
тері Солтүсті...
басып кірум...
тябрьге дейі...
әуе шекарас...

---

**«УДАРНИК...**

**«ЖА...**

Сеанстар с...

---

Еңбек...
соңғы қ...
10 октяб...
Қала...
жәрменке...
Жәрм...
сатылады...
Петр...
совхоздар...
суын сұр...

**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петреяев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табы...

УШ 01918. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы М...